

Риддер қаласының әкімі

Шығыс Қазақстан облысы Риддер
қаласы әкімінің 2022 жылғы 7
қарашадағы № 1 шешімі.
Қазақстан Республикасының
Әділет министрлігінде 2022
жылғы 7 қарашада № 30440 болып
тіркелді

Аким г. Риддер

Техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының «Азаматтық қорғау туралы» Заңының 48-бабына және 50-бабы 2-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы» қаулысына, Риддер қаласының төтенше жағдайдың алдын алу және оны жою жөніндегі комиссиясының 2022 жылғы 6 қарашадағы кезектен тыс отырысының № 7 хаттамасына сәйкес, **ШЕШТІМ:**

1. Риддер қаласының аумағында жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.
2. Техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жоюға басшылық жасауды және жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдайды жоюға бағытталған іс-шараларды жүргізу өзіме қалдырылсын.
3. «Риддер қаласы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:
 - 1) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде осы шешімнің мемлекеттік тіркелуін;



«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты
құжатқа сілтеу QR-коды

2) Риддер қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында осы шешімді орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Риддер қаласының әкімі

Д. Горьковой